

14. Vandergrift L. *Metacognition and listening comprehension: An overview. Language Awareness*, 16(3),2007. 194-210.
15. Lai C. *Digital tools for language learning: Technology-enhanced language acquisition. Language Teaching Research*, 19(3),2015. 295-314.
16. Reinders H., & White C. *The theory and practice of task-based language teaching. Oxford University Press*,2011
17. Kukulska-Hulme A. *Language learning defined by mobile devices and applications. In G. Stockwell (Ed.), Technology-Enhanced Language Learning (pp. 85-100). Routledge*,2012
18. Chapelle C.A. *Computer Applications in Second Language Acquisition: Foundations for Teaching, Testing, and Research. Cambridge University Press*,2001.
19. Cameron L. *Teaching Languages to Young Learners. Cambridge University Press*,2001
20. Morrison L., & Anderson L. *Task-based digital language learning for English as a Foreign Language learners: A case study from Kazakhstan. Journal of Language and Technology*, 8(2),2021. 212-230.

МРНТИ 14.01.21

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.030>

М.Ә.Рысқұлов,^{1*} Ж.Т.Дәулетбекова,² А.М.Садық³

¹ I.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қ., Қазақстан

² Қазақ-Британ техникалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

³ К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы қ., Қазақстан

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЕШЕН СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ ҰСТАНЫМДАРЫ

Аңдатпа

Мақалада 10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытудағы ұстанымдар туралы сөз болады. Шешен сөйлеудің қазіргі білім беру жүйесіндегі рөлі, оның оқушы тұлғасының интеллектуалдық және коммуникативтік дамуына әсері жан-жақты сипатталады. Автор антропоэктік, когнитивтік, коммуникативтік, аксиологиялық және лингвомәдени ұстанымдарды шешен сөйлеу өнерін меңгерудің негізгі бағыты ретінде талдайды. Фразеологиялық бірліктердің тілдік мәртебесі мен когнитивтік қызметі, сондай-ақ тілдік құзыреттілікті меңгерудегі орны туралы айтылады. Тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, оқушыны шешен сөйлеуге баулуда білім алушының білімі, білігі, дағдылары мен тәжірибесі ескеріледі. Соның негізінде оқушының түрлі сөйлеу жағдаятында сөздерді орнымен қолдана білу, фразеологиялық бірліктерді пайдалана отырып, ойын бейнелі де әсерлі етіп жеткізе білу қабілетін жетілдіру мақсат етіледі.

Бүгінгі таңда тілді оқытуда білім алушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруге, тілді ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде қабылдауына, тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қарастыруға, қазақ тілі сабақтары оқушылардың логикалық ойлауын, зияткерлік қабілетін жетілдіруге, коммуникативтік біліктерін дамытуға бағытталуы, тілді меңгерудің уәждемелік сипатын күшейту, игерілетін білімнің түпкі нәтижесін көздеу сияқты ұстанымдарға сәйкес 10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамыту қажеттігі артып отыр.

Мектеп оқушыларының сөйлеу дағдыларын меңгеруге қойылатын талаптардың күшеюі жастардың тіл тазалығына мән бермеуінен, ойын дұрыс жеткізе алмауынан, сөзін әсерлі де көркем етіп жеткізе алмауынан туындап отыр. Бұл мектеп оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуға арналған теориялық, әдістемелік еңбектердің жетімсіздігінен де туындап отыр.

Түйін сөздер: шешен сөйлеу қабілеті, тұрақты тіркес, коммуникативтік құзыреттілік, педагогикалық эксперимент.

Рыскулов М.А.,^{1*} Даулетбекова Ж.Т.,² Садық А.М.³

¹Жетысуский государственный университет имени И. Жансугурова,
г. Талдыкорган, Казахстан

²Казахско-Британский технический университет, г. Алматы, Казахстан

³Университет международного бизнеса имени К.Сагадиева, г. Алматы, Казахстан

МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ РАЗВИТИЯ ОРАТОРСКИХ НАВЫКОВ УЧАЩИХСЯ

Аннотация

В статье рассматриваются принципы развития ораторских способностей у учащихся 10-11 классов через когнитивное освоение фразеологизмов. Раскрывается роль ораторского искусства в современной системе образования, его влияние на интеллектуальное и коммуникативное развитие личности учащегося. Автор анализирует антропоцентрический, когнитивный, коммуникативный, аксиологический и лингвокультурный подходы как основные направления в обучении ораторскому искусству. Обсуждается лингвистический статус и когнитивная функция фразеологических единиц, а также их роль в формировании языковой компетентности. В обучении учеников ораторскому мастерству с использованием устойчивых выражений учитываются их знания, умения, навыки и опыт. На основе этого ставится цель развития способности учащихся использовать слова уместно в различных речевых ситуациях, а также выражать свои мысли образно и выразительно, используя фразеологические единицы.

На сегодняшний день важность развития ораторских способностей у учащихся 10-11 классов через когнитивное освоение фразеологизмов возрастает в связи с необходимостью улучшения речевой культуры обучающихся, восприятия языка как неотъемлемой части национально-культурных ценностей, рассмотрения языковых, воспитательных, социальных и этнокультурных аспектов языка в единстве, а также с направленностью уроков казахского языка на развитие логического мышления, интеллектуальных способностей и коммуникативных умений учащихся. Также важна мотивация к освоению языка и учет конечного результата усвоенных знаний. Усиление требований к освоению речевых навыков школьников вызвано недостаточным вниманием молодежи к чистоте языка, неспособностью правильно выражать свои мысли и делать речь выразительной и художественной. Это также связано с нехваткой теоретических и методических исследований, посвященных развитию ораторских способностей школьников через когнитивное освоение фразеологизмов.

Ключевые слова: ораторская речь, устойчивая речь, коммуникативная компетентность, педагогический эксперимент.

Ryskulov M.,^{1*} Dauletbekova Zh.,² Sadyk A.³

¹Zhetysu State University named after I. Zhansugurov, Taldykorgan, Kazakhstan

²Kazakh-British Technical University, Almaty, Kazakhstan

³K. Sagadiev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

METHODOLOGICAL PRINCIPLES FOR DEVELOPING STUDENTS' ORATORICAL SKILLS

Abstract

The article discusses the principles of developing oratory skills in 10th-11th grade students through the cognitive acquisition of phraseological units. The role of eloquence in the modern education system and its impact on the intellectual and communicative development of the learner's personality are comprehensively described. The author analyzes the anthropocentric, cognitive, communicative, axiological, and linguocultural approaches as key directions in teaching the art of eloquence. It addresses the linguistic status and cognitive function of these units, as well as their role in developing language competence. In teaching students rhetorical skills using fixed expressions, their knowledge, skills, abilities, and experience are taken into account. The goal is to develop students' ability to use words appropriately in various speech situations and to express their thoughts vividly and effectively using phraseological units.

Nowadays, the importance of developing oratory skills in 10th-11th grade students through the cognitive acquisition of phraseological units is increasing. This is due to the need to enhance students' speech culture, perceive language as an integral part of national and cultural values, and consider linguistic, educational, social, and ethnocultural aspects of language as a whole. Lessons in the Kazakh language are aimed at developing students' logical thinking, intellectual abilities, and communicative skills. There is also an emphasis on strengthening motivation for language acquisition and focusing on the ultimate outcome of acquired knowledge. The strengthening of requirements for mastering speech skills among school students is caused by the youth's lack of attention to language purity, their inability to convey thoughts clearly, and their

failure to deliver speech expressively and artistically. It is also due to the insufficient theoretical and methodological research aimed at developing school students' oratory skills through cognitive acquisition of phraseological units.

Keywords: public speaking, stable speech, communicative competence, pedagogical experiment.

Кіріспе. Бүгінгі таңда білім беру жүйесінің басты мақсаты жеке тұлғаның жан-жақты дамуын, оның ішінде тілдік және коммуникативтік қабілеттерін жетілдіру арқылы қоғам талабына сай азамат қалыптастыру болып отыр. Соған сәйкес өз ойын еркін жеткізе алатын, логикалық тұрғыдан жүйелі, мәдени, этикалық нормаларға сай сөйлейтін тұлға тәрбиелеу маңызды мәселелердің қатарында танылуда. Сондықтан білім берудің барлық деңгейінде тіл мәдениетін, сөйлеу дағдысы мен шешендік қабілетті дамыту мәселесі педагогикалық ғылымның маңызды бағытына айналып отыр. Жаңа педагогикалық парадигмада тұлғаның танымдық белсенділігі мен өзіндік дамуы білім берудің басты құндылығы ретінде танылды. Бұл бағытта оқушының тіл арқылы ойлау, пайымдау, дәлелдеу, өз көзқарасын мәдени түрде білдіру дағдылары ерекше мәнге ие болып отыр. Алайда мектеп тәжірибесінде оқушылардың ауызша сөйлеу қабілеті, әсіресе шешен сөйлеу мәдениеті жеткілікті деңгейде қалыптаса қойған жоқ. Көп жағдайда оқушыларда сөздік қоры жұтаң, ойын жүйелі, әсерлі, логикалық түрде жеткізе алмайды, яғни коммуникативтік шеберліктері жетіспейді. Бұл жағдай оқыту үдерісінде тілдік-танымдық, құндылықтық бағыттағы әдіснамалық ұстанымдардың толық жүзеге аспауының салдарынан туындап отыр. Сондықтан қазіргі педагогикада оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын дамыту мәселесі білім беруде өзекті мәселеердің біріне айналды. Оқушыларды шешен сөйлеуге, ойын жүйелі де көркем етіп жеткізе білуге баулу оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына, мәдени, рухани дамуына жол ашатын кешенді педагогикалық үдеріс болып табылады.

Шешен сөйлеу мәдениетін қалыптастыруда оқушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде мәдениетті қарым-қатынас орната білу қабілетін дамыту көзделеді. Бүгінгі таңда педагогика бағытындағы зерттеулерде шешен сөйлеуді дамыту коммуникативтік құзыреттілікпен тығыз байланысты қарастырылады. Коммуникативтік құзыреттілікке оқушының тілдік бірліктерді контекстке сай таңдап қолдану, әңгімелесу, аудиториямен тіл табыса білу, өз ойын мәдени, этикалық нормаларға сай жеткізе білу қабілеті жатады. Бұл тұрғыдан алғанда, шешендік өнерге баулу – тұлғаның зияткерлік, рухани әлеуетін қалыптастыратын, сөйлеу мәдениетіне тәрбиелейтін, педагогикалық тұрғыдан кешенді үдеріс. Шешен сөйлеу мәдениеті – оқушының тілдік құзыреттілігінің деңгейін танытумен қатар, дүниетанымын, ойлау жүйесін, рухани-адамгершілік құндылықтарын да қалыптастырады. Сөзі жүйелі болып, тілдің қисынын келтіріп сөйлеген азамат өз-өзіне сенімді болады, ортасына сыйлы болады, кәсіби тұрғыдан жетістікке жетеді. Шешен сөйлеу дағдыларын дамытудың әдіснамалық ұстанымдары ретінде антропоөзектік ұстаным, когнитивтік ұстаным, коммуникативтік ұстаным, аксиологиялық ұстаным, лингвомәдени ұстанымдар басшылыққа алынады. Ойды көркем де бейнелі етіп жеткізуде тұрақты сөз тіркестерінің қызметі ерекше. Себебі фразеологиялық тіркестер сөздің әсерін күшейтетін пәрменді құралдардың бірі болып табылады. Тұрақты тіркестер сөзді бейнелі етіп, экспрессиясын, эмоциялы реңкін күшейтумен қатар сөйлеушінің сөздік қорының байлығын, есте сақтау қабілетінің күшті екенін, шешен сөйлеу қабілетін көрсетіп, сөзін өтімді етеді.

Тіл білімінде фразеологизмдер түрлі қырынан зерттеліп келді. Бұл қатарда А.А.Потебня, И.А.Бодуэн де Куртене, Ш.Балли, Н.Н.Амосова, И.А.Федосов, Ю.А.Гвоздарев, В.П.Жуков, Н.М.Шанский, т.б. ғалымдарды атауға болады. Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер Ш.Уәлиханов, Ә.Диваев, А.Байтұрсынұлы, М.Әуезов, М.Ғабдуллин, І.Кенесбаев, М.Әлімбаев, Б.Адамбаев, К.Аханов, С.Аманжолов, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Ө.Айтбаев, Н.Уәли, Г.Смағұлова, С.Сәтенова, т.с.с. зерттеуші-ғалымдардың еңбектерінде сөз болды. Сонымен қатар ұйғыр тіліндегі тұрақты тіркестерді Ч.Сейфуллин, әзірбайжан тіліндегі тұрақты тіркестерді А.Байромов, өзбек тіліндегі тұрақты тіркестерді Ш.Рахматуллаев, түрік тіліндегі тұрақты тіркестерді А.Долганов, түрікмен тіліндегі тұрақты тіркестерді К.Бабаев, құмық тіліндегі тұрақты тіркестерді К.Дайбова, қырғыз тіліндегі тұрақты тіркестерді Ж.Османова, башқұрт тіліндегі фразеологизмдерді З.Ураксин арнайы зерттеген.

Ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын таным, тіл байлығын түсіну үшін жастар тұрақты тіркестердегі кодты түсіне білулері керек, аялық білімі болуы керек. Тұрақты тіркестердің мағынасын ашып көрсетуде зерттеушілер түрлі бағыт ұстанады. Мәселен, А.В.Жуков идиомаларды зерттегенде тұрақты тіркестердің сөздермен не сөз тіркестерімен байланысын сипаттау керек екенін айтса [1], Н.Телия идиомалардың мағынасын когнитивті парадигма арқылы, тілдік бірлікті әлеммен байланыстыра отырып, фреймдерді талдау арқылы нақтылау керегін ескертеді [2]. Фразеологиялық мағына денотат, коннотат компоненттерден құралады. В.И.Карасик [3], Г.Г.Слышкин [4] тұрақты тіркестердің денотат, коннотат мәндерін тұтастықта алып қарастыру қажеттігін айтады. Тұрақты тіркестердің денотат мәні тым жалпы болатындықтан әрі коннотат мән бейнелі, эмоциялы, бағалауыш мәнді болатындықтан, жұмысымызда коннотат мәнге ерекше көңіл бөлуге тырыстық.

Бүгінгі таңда тілдерді оқыту әдістемесінде О.С.Гузина, З.К.Гутнова, Т.С.Дученко, И.Ф.Мишин, М.Патоцка-Платек және т.б. шетелдік зерттеушілер де, Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиев, Ө.Айтбаев, Н.Уәли, З.Ахметжанова, Г.Смағұлова, Ф.Оразбаева, Ж.Дәулетбекова, С.Сәтенова, т.с.с. отандық зерттеушілер де оқушылардың фразеологиялық бірліктерді меңгеру дағдылары төмен екенін айтып, дабыл қағуда. Осыған байланысты профессор Ж.Дәулетбекова: «Ана тілін оқу үдерісіндегі мотивацияға білімнің құндылықтық мәні негіз болса, мемлекеттік тілді оқу барысында тілдің қатысымдық қуатын өзек етіп алу басымдылыққа ие болады. Ал практикалық тұрғыдан сөйлеуге үйрету, қарым-қатынас әдебіне баулу, сөз шеберлігіне төселдіру екі бағыттағы да оқу жүйесінде теңдей қарастырылғаны жөн. Өкінішке орай, әлі күнге дейін ана тілі бағытында тек теорияны жалаң оқытудан, ал мемлекеттік тіл бағытында елтанымдық сипаттағы мәтіндер бойынша құрғақ ақпарат беруден әрі аса алмай отырған жайымыз бар», – дейді [5, 88].

Негізгі ережелер. Қазіргі кезде жастар, мектеп оқушылары тұрақты тіркестерді көп қолданбайды, фразеологиялық бірліктердің мәнін түсінбегендіктен, қай кезде қолданылатынын да білмейді. Сол себепті жастар, мектеп оқушылары ойын көркем, бейнелі түрде жеткізе алмайды. Тіл тазалығына мән берместен, шет тілдік сөздерді араластырып, ойын жұтаң, түсініксіз етіп жеткізеді. Халықтың сан ғасырлық тәжірибесі, дүниетанымы жинақталған тұрақты тіркестерді өздері қолданбақ түгілі, мәнін де түсіне бермейді. Осыған байланысты академик Р.Сыздық: «Тілдің лексикалық құрамының сипаты және жеке лексикалық бірліктер сол тілдің, өміршендігін танытуға қажет материалдардың бірі деп танылса, бұл құрамның фразеологизм деп аталатын бөлігінің орны айрықша... Қай тілде болмасын, ондағы жалпы тұрақты тіркестердің, оның ішінде бейнелі (образды) метафоралық құрылымдар мен идиомдық бірліктердің мағыналарын, қолданыс тәртібін, модальдық бояуларын, стильдік қызметтерін игермесе, тілді жақсы меңгеру қиынға соғады. Ал бұлар тілдің тек семантикалық-конструктив бірліктер қазынасын сан жағынан молайтып қана қоймайды, тілдің икемділігін, эстетикалық мүмкіндігін танытатын құндылықтар болып табылады. Бұл құндылықтар осы тілді қолданушы халықтың ұлттық белгілерінің бірі – дүниетанымдық дәрежесін, эстетикалық талғамын көрсетеді. Демек, бұларды зерттеудің бір қыры когнитивтік ізденістерге алып барады», – дейді [6, 59].

Сөйлеудің функционалдық түрлерінің коммуникативті құрылымында кереғар екі түрлі ұстанымға негізделеді: сөйлеушінің іштей сөйлеуі – «өзіне арналған сөз» және өзге адамның түсінуіне арналған сөз. Коммуникативті құзыреттілікті қалыптастырып, дамытуда тілдік нормалар мен сөйлеу нормаларын дұрыс пайдалана отырып, ойын жеткізу, өзгелермен қарым-қатынасқа түсу дағдыларын қалыптастыру мақсат етіледі. Жұмысымызда оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытуда тұрақты тіркестердің мәні мен маңызын, халықтың бейнелі ойлауының сан ғасырлық рухани қоймасы ретіндегі қызметін түсіне отырып, тыңдаушыға әсері күшті болатынын ескеріп, орнымен қолдануға баулу көзделеді. Сөйлеу барысында фразеологиялық тіркестерді орнымен қолдану дағдыларын қалыптастыру мектепте қазақ тілінің негізгі мазмұнын меңгертіп, коммуникативтік құзыреттілікті дамыту, тілдік құзыреттілікті (лексика, грамматика, фонетика, орфография) қалыптастыруға игі ықпал етеді. Себебі коммуникативтік құзыреттілік тіл, сөйлеу, мәдени-әлеуметтік қабілеттерден құралады

Материалдар мен әдістер. Бүгінгі таңда антропоэлектік бағыттағы зерттеулердің жандануына байланысты тіл таным әрекетінің нәтижесі ретінде сипатталады. Соған байланысты тұрақты тіркестер де лингвомәдениеттаным, психоллингвистика, прагмалингвистика, когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылып, пәнаралық кешенді зерттеу нысанына айналды. Зерттеу материалы ретінде 10-11-сынып оқушыларына арналған қазақ тілі пәні бойынша оқу бағдарламалары, оқулықтар, шешендік өнерге қатысты оқу құралдары мен фразеологиялық сөздіктер пайдаланылды. Сонымен қатар қазақ халқының дәстүрлі шешендік мұралары (билер сөзі, мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер) зерттеу материалы ретінде алынды.

Тіл біліміндегі жаңа парадигмаларға негіз болған фразеологизмдер әдістеме саласында да соны зерттеулер мен тың әдістерге жол ашты. Соған байланысты тұрақты тіркестер коммуникация мен когнитология ұстанымдары бойынша сипатталып, фразеологиялық тіркестерді талдауда когнитивтік-дискурсивтік талдау әдісі, сипаттау және компоненттік талдау әдістері қолданылады. Сонымен қатар фразеосемантикалық өріс, фразеосемантикалық топ, фразеологиялық синонимдер де қарастырылады. Оқыту барысында лингвистикалық (тілдік), сөйлеу және әлеуметтік-мәдени компоненттерді қалыптастыратын мазмұндық желі интеграцияланып, бір-бірімен тығыз байланысты болады. Фразеологиялық тіркестерді когнитивтік-коммуникативтік тәсіл арқылы оқытуда зияткерлік дағдыларға ерекше мән беріледі. Зияткерлік дағдылар тұрақты тіркестерді тануға, жадында сақталған эталонмен салыстыруға, мәнін ажыратуға, есте сақтауға, тұрақты тіркестердің құрамын талдай отырып, мәнін түсінуге, сөйлеу барысында орнымен қолдануға ықпал етеді. Тұрақты тіркестердің құрауыштары – мазмұны, құрылымы, қолданысы тұтастықта сипатталып, сөйлеушінің коммуникативтік діттемі мен прагматикалық әсері ескеріледі. Жұмыста қазақ тіліндегі мазмұндық желілерді өзара ұштастыра отырып, тұрақты тіркестер тіл мен мәдениеттің ұлттық нақышын білдіретін бөлшегі, тілдің көрнекілігін, айқындығын танытатын тілдік бірлік ретінде сипатталады. Фразеологиялық бірліктерді есте сақтау, мәнін түсіну, сөйлеу барысында не жазбаша мәтіндерде қолдана білу, яғни фразеологиялық бірліктерді оқыту барысында қалыптасқан тілдік дағдылардың зияткерлік дағдылармен байланыстыруға ерекше мән беріледі.

Нәтижелер мен талқылау. Оқушылардың шешен сөйлеу дағдыларын дамытудың әдіснамалық ұстанымдары ретінде антропоэлектік ұстанымның маңызы зор. Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоэлектік бағыттағы зерттеулер жанданып келеді. Соған сәйкес тілді оқыту әдістемесінде де бұл ұстаным ерекше маңызға ие болды. Тілді оқыту арқылы оқушының ережелерді құрғақ жаттап қана қоймай, тілдің заңдылықтарын жан-жақты меңгерген, айналасымен дұрыс қарым-қатынас орната білетін, жүйелі ойлай білетін, қлттық кодты танып, түсіне алатын, ұлттық мәдениетті таратушы субъект ретінде қалыптасуына, яғни тілдік тұлға ретінде қалыптасуына ықпал ету көзделеді. Сол себепті шешен сөйлеуге баулуда оқушының тілдік, танымдық, тұлғалық дамуына ерекше мән беріледі. Бұл орайда фразеологизмдер оқушының ойын, тілдік санасын дамытатын құрал ретінде қызмет етеді. Фразеологизмдерді когнитивтік тұрғыдан меңгерту арқылы оқушыларды шешен сөйлеуге баулуда таным көкжиегінің кеңеюіне, ұлттық дүниетанымының қалыптасуына, ұлттық мәдени кодты дұрыс қабылдап, танып-түсінуіне ерекше мән беріледі. Соған сәйкес шешен сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда түрлі коммуникативтік жағдаяттар орнатып, рөлдік ойын, дебат, пікірталастар арқылы оқушының тілдік машығын жетілдіру мақсат етіледі. Бұл орайда аксиологиялық ұстанымға да ерекше мән беріліп, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды таныту арқылы оқушылардың бойына «ізгілік», «әділет», «патриотизм», «құрмет» т.с.с. құндылықтарды сіңіру де мақсат етіледі.

Фразеологизмдерді оқыту арқылы шешен сөйлеуге баулуда лингвомәдени ұстанымның да маңызы ерекше. Себебі тұрақты тіркестерді – ұлттық мәдени кодтарды дұрыс меңгеру оқушының аялық білімін, дүниетанымын кеңейтеді. Фразеологизмдер халықтың дүниетанымын, менталитетін көрсетеді. Тұрақты тіркестерді интерпретациялау арқылы ұлттық кодтың мәдени-ұлттық мәні мен сипатын ашуға болады. Ұлттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылатын ұлттық ділдің ерекшеліктері, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ойлау стереотиптері және т.б. – ғаламның

концептуалды бейнесін түзеді. Ол тілде ғаламның тілдік бейнесі ретінде көрінеді. Ғалам бейнесі әр тілде түрліше көрініс табады. Тілдік тұлға ана тілінің ғалам бейнесін дұрыс түсініп, дұрыс қабылдай білуі керек. Фразеологизмдер ұлттық дүниетанымды танытатын бірліктерге жатады. тұрақты тіркестерді түсіну сөйлеушінің аялық біліміне, тәжірибесіне байланысты болады. Адамның дүниетанымды фразеологиялық бірліктерде көрініс табады. Тілді меңгеру үшін сол тілдің иесі болып табылатын халықтың мәдениетін түсіну қажет. Бұл мәселе мемлекеттік тілді оқытудың өзекті мәселелерімен де үндес. «Атап айтқанда:

1) тілді оқытудың түпкі мақсаты етіп оның грамматикасын үйретуді емес, білім алушылардың сөйлеу мәдениетін жетілдіруді қою;

2) тілді ұлттық-мәдени құндылықтардың ажырамас бөлігі ретінде меңгерту;

3) тілдің дүниетанымдық, тәрбиелік, әлеуметтік, этномәдени аспектілерін біртұтастыққа қамти отырып оқыту;

4) тіл сабақтарын білім алушының логикалық ойлауын, жалпы жеке бас қасиеттері мен интеллектуалдық қабілеттерін дамытудың тетігі ретінде қолдану;

5) тіл пәнінің білім мазмұнын білім алушының интеллектуалдық және коммуникативтік біліктіліктерін дамытудың базасы ретінде пайдалану;

6) тілді меңгерудің мотивациялық сипатын күшейту;

7) тіл бойынша игерілетін білімнің түпкі нәтижеге бағытталу жүйесін берік ұстану» [5, 17].

Осыған байланысты ғылыми-теориялық негіз ретінде бірнеше ұстаным басшылыққа алынады. Атап айтқанда, когнитивтік ұстаным, коммуникативтік ұстаным, аксиологиялық ұстаным.

- Когнитивтік ұстанымға сәйкес фразеологизмдердің ойды бейнелеп жеткізіп қана қоймай-тыны, сонымен қатар халықтың дүниетанымын, мәдениетін, бағалау жүйесін білдіретіні мысалдар негізінде түсіндіріледі.

- Коммуникативтік ұстанымға сәйкес фразеологизмдер сөйлеудің экспрессивтілігін, әсерін күшейтетіні негізге алынады.

- Аксиологиялық ұстаным бойынша, фразеологизмдердегі ұлттық құндылықтар, моральдық-этикалық бағдар айқындалады. Бұл – оқушылардың құндылықтық дүниетанымын қалыптастыруға ықпал етеді.

Фразеологизмдерді оқытуда тұрақты тіркестерді ұлттық мәдениет, дүниетаным, салт-дәстүрмен байланыстыра отырып түсіндіру қажет. Фразеологизмдерді оқыту арқылы оқушылардың ассоциация, салыстыру, жалпылау сияқты ойлау операцияларын дамыту көзделеді. Фразеологизмдердің мәнін ашуда интегративтік ұстаным басшылыққа алынып, пәнаралық байланыс негізінде әдебиет, тарих, география, ботаника, биология, анатомия, этнография т.с.с. ғылым салаларымен байланыстыру қажет. Соның негізінде фразеологизмдерді оқыту арқылы оқушыларды адамгершілікке, ізгілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу көзделеді. Фразеологизмдердің мағынасын түсіндіріп қана қоймай, оқушыларды түрлі коммуникативтік жағдаяттарда қолдануға баулу да мақсат етіледі.

Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы оқушылардың шешен сөйлеу қабілетін дамытуда алдымен тұрақты тіркестерді іріктеп алу қажет. Оларды іріктеуде фразеологизмдердің ақпараттық құндылығы; тәрбиелік құндылығы; семантикалық құндылығы; жағдаяттық-тақырыптық сәйкестігі ескеріледі. Мысалы, сөздіктерді пайдалана отырып, қазақ тіліндегі «көңілге қаяу түсті», «көңілге қаяу салды» фразеологизмдерінің мәнін («ренжіту, көңілін қалдыру») тапқан соң «қаяу» сөзінің мағынасын сұрайды. Оқушылардың жауаптарын, болжамдарын тыңдап болған соң мұғалім суретті көрсетеді. Суретті пайдалану – көнерген сөздің мағынасын визуалды түрде ұғындырудың ең тиімді жолдарының бірі. Мұғалім оқушылардың суреттен не көріп тұрғанын сұрайды. Оқушылар жауап беріп болған соң ертеректе қазақтар ағашқа түскен сызатты «қаяу» деп атағанын айтады. Сөздіктерді пайдалана отырып, «қаяу» сөзінің тура мағынасында «сызат, жарық, жарақат» деген мағынада жұмсалғанын, кейін соның негізінде «реніш, мұң, көңілдегі жара» деген мәндері туындағанын түсіндіреді. Сол арқылы

оқушылар когнитивтік карта құрады: «қаяу» → «сызат» → «көңілдегі сызат» → «реніш». Фразеологизмдердің мәнін ашу арқылы оқушылардың танымдық көкжиегі кеңейеді.

Сабақ барысында «Сыныптағы бір оқушының сөзі досының көңіліне қаяу салды» жағдаятын сахналауға, «Көңілге түскен қаяу тез жазыла ма?» тақырыбына шағын ойтолғау жазуға, «Көңілдегі қаяу мен ағаштағы қаяудың айырмашылығы» деген тақырыпта шағын эссе жазуға не пікірталас ұйымдастыруға болады, «Қаяуды жазудың жолы бар ма?» тақырыбында ауызша ойтолғау ұйымдастыруға болады, «қаяу» сөзінің метафоралық бейнесін (ағаштағы сызат – көңілдегі реніш) түсіндіретін схема жасауға болады. Яғни сабақтың түрі мұғалімнің шеберлігіне байланысты. Сабақ соңында мұғалім оқушылармен бірге ағаштағы сызат уақыт өте жазылмайтынын, із болып қалатынын ескерте келіп, сол сияқты адам ренжіген кезде де көңіліне сызат – қаяу түсетіні, із қалатыны туралы қорытынды жасайды.

Когнитивтік ұстанымға сәйкес мұндай сабақтарда оқушылар «қаяу» сөзінің құрылымдық бейнесін (жара, сызат) түсінеді. Коммуникативтік ұстанымға сәйкес фразеологизмді сөйлеу барысында қолдануға дағдыланады. Аксиологиялық ұстанымға сәйкес оқушылар бір-бірін сыйлауға, айналасына құрмет көрсетуге дағдыланады.

Фразеологиялық бірліктердің мәні алуан түрлі. Бірқатар тұрақты тіркестердің мәнін жекелеген сөздермен беруге болса, енді бірқатарының мәні сөз тіркестері арқылы не сипаттау арқылы айқындалады. Әрбір фразеологиялық бірлік интегралдық және дифференциалдық семалардан құралады [7, 95]. Фразеологиялық тіркестерді когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан сипаттауда тұрақты тіркестердің тұтас мәнін түсіндірумен қатар құрылымдық бөлшектері де сипатталады. Мәтінде фразеологиялық тіркестердің құрылымы, мәні мен коммуникативті сипаттары назарға алынады. Сол арқылы тұрақты тіркестердің бейнелілігі, бағалауыштық, эмотивтілік сипаты көрінеді. Қазақ тіліндегі тұрақты тіркестерді когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан оқытуда өзге тілдік бірліктермен қатар қолдану ерекшелігі нақтыланып, фразеологиялық бірліктер коммуникацияның бейнелі-экспрессивті құралы, ойды көркем де әсерлі жеткізудің тәсілі ретінде сипатталады.

Кесте 1. Фразеологиялық тіркестерді когнитивтік-коммуникативтік тұрғыдан жіктеу

құрылымдық сипаты	жіктелуі	менгеру	Көзді ашып-жұмғанша
		матасу	Қас пен көздің арасында
		қабысу	Ит өлген жер
мағыналық сипаты	тұтастық	Көзді ашып-жұмғанша – тез	
		Қас пен көздің арасында – тез, жылдам	
		Ит өлген жер – алыс	
лингвистикалық сипаты	сөйлемдегі қызметі	Айшылық алыс жерлерден Көзінді ашып-жұмғанша Жылдам хабар алғызды (пысықтауыш).	
		Қас пен көздің арасында жетіп келді (пысықтауыш).	
		Ит өлген жерде тұрады екен (пысықтауыш).	
коммуникативтік сипаты	коммуникативті жағдаяттағы субъектілердің бағасы, сипаты	Ашық түсті киім киген сүйкімді бойжеткенге атты кісі түсіп, жаяу кісі жатып қарағандай. Өзі де өз сұлулығына тамсанып отырса керек, сөмкесінен алақандай айнасын шығарып, қайта-қайта қарай берді (жағдаятқа қатысушылар, бойжеткенді көргендердің бәрі сұлулығына сүйсінеді)	

Фразеологиялық бірліктер басқа лексикалық бірліктермен қатар қолданылатындықтан, олардың ерекшеліктерін ашу үшін жеке сөздер мен еркін тіркестерден ажыратып түсіндіру қажет. Себебі фразеологизмдер күрделі құрылым болғанмен, жеке сөздер сияқты қолданылады, компоненттері дербес сөздер ретінде қабылданады. Осыған байланысты А.М.Бабкин фразео-

логиялық бірлікті «сөзбен салыстырғанда күрделі болғанмен, қызметі сөзге де, сөйлем мүшесіне де ұқсас семантикалық бірлік, яғни белгілі бір тұлғада қалыптасқан, семантикалық ерекшелігі бар сөз тіркесі» ретінде сипаттайды. Зерттеуші фразеологизмдерде 1) мағыналық тұтастық, 2) тұрақтылық, 3) ауыспалы мағына, 4) экспрессивті-эмоционалды реңк болатынын айтады [8, 8]. Т.М.Арбекова: «Фразеологизмдер коммуникация үдерісінде жасалмайды, олар дайын тұтас бірліктер ретінде жаңғыртылады. Кез келген фразеологизмнің компоненттері адамның санасында объективті шындықтың бөлінбейтін бір фрагментімен (зат, белгі, әрекет, типтік жағдай) байланысты болады, ал еркін сөз тіркестері шындықты бөлшектелген түрде, зат пен бөлек ойлануға болатын белгілер түрінде бейнелейді», – дей келіп [9, 96], фразеологиялық тіркестерді «монономинанттар» деп, ал еркін сөз тіркестерін «полиноминанттар» деп атайды. І.Кеңесбаев та фразеологиялық бірліктерде мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, қолдану тиянақтылығы болатынын ескерте келіп, оларды негізгі ерекшеліктер ретінде сипаттайды да фразеологиялық түйдектер, фразеологиялық тіркестер түрінде жіктейді [10, 56].

Фразеологиялық мағына – өте күрделі ұғым болғандықтан, оны құрауыштарының жиынтық мәні ретінде қарастыруға болмайды. Мысалы, «алыс, қашық, шалғай» мәнінде қолданылатын Ит өлген жер тіркесінің немесе «ұрысты, сөкті, балағаттады» мәнінде қолданылатын Ит терісін басына қаптады тіркесінің қазіргі мәнінің итке еш қатысы жоқ. Сол сияқты осы мәнде жұмсалатын Жерден алып, жерге салды тіркесінің жерге қатысы жоқ. Сол себепті ол тіркестердің мәнін тіркесті құраған сөздердің мәні арқылы түсіндіру қиынға түседі. Бұл қазақтардың бейнелі ойымен, дүниетанымымен байланысты. Фразеологизмдердің мағыналық құрылымын құрауыштары өзара тығыз байланысқан микросхема түрінде сипаттауға болады. Сондықтан оның сөздерін өзгертуге, ауыстыруға болмайды [11, 45].

Фразеологиялық бірліктердің коннотат мәнінде бағалау басым болады. Олар жағымды, жағымсыз, бейтарап мәнді болып келеді. Соған сәйкес тұрақты тіркестерде белгілі бір әрекетті ұнату не жақтырмау, қолдау не сөгу мәні басым болады. Е.Ф.Арсентьева фразеологиялық мағынаның субъективті-бағалауыштық элементі адамдардың қандай да бір құбылыс не әрекетті дұрыс не теріс қабылдауына байланысты болатынын айта келіп, адамдардың фразеологиялық тіркестерді түсінуі аялық біліміне байланысты болатынын ескертеді [12, 40]. Ғалым тұрақты тіркестердің коннотат мәндерін талдай келіп, олардың бағалауыштық, экспрессивтік, эмоциялық, функционалдық-стистикалық компоненттері болатынын айтады [12, 40]. Фразеологиялық тіркестердегі экспрессия эмоциялы-бағалауыштық, қарқындылық мәндерінің нәтижесінде туындайды. Сол себепті экспрессия тұрақты тіркестердің бәрінде бола бермейді.

Фразеологиялық тіркестердің мәнін түсіндіруде ғалымдардың ұстанымдарын негізге ала отырып, тұрақты тіркестер мен еркін тіркестердің, күрделі атаулардың айырмашылықтарын өзара салыстыра отырып, кесте түрінде берген жөн. Бұл орайда тұрақты тіркестердің мәнін шығу төркінімен байланыстыра отырып жеткізудің мәні зор. Әу баста еркін тіркес ретінде қалыптасқанмен, уақыт өте келе қосымша мәндер үстеп, тұрақты тіркес ретінде қалыптасуын еркін тіркес → тұрақты тіркес → фразеологиялық бірлік → фразеологиялық тұтастық түріндегі даму жолын семантикалық карта түрінде беру оқушылардың таным көкжиегін кеңейтіп, пәнге деген қызығушылығын арттырады. Теория мен практиканы сабақтастыра отырып, тұрақты тіркестерді коммуникацияда орнымен қолдана білуге баулу қажет.

Тұрақты тіркестерді пайдалана отырып, оқушыларды шешен сөйлеуге баулуда жаттығулар жүйесіне де ерекше ден қою қажет. Жаттығулар өз ішінен тілдік және сөйлеу жаттығулары болып бөлінеді. Тілдік жаттығулар материалды меңгеруге бағытталса, сөйлеу жаттығулары меңгерілген тілдік материал негізінде сөйлеуді дамытуға бағытталады. И.Е. Пассов сөйлеу дағдыларын қалыптастыру кезеңдеріне негізделген жаттығулар жүйесін шартты сөйлеу жаттығулары (дағдыларды қалыптастыруға бағытталған) және сөйлеу жаттығулары (дағдыларды дамытуға бағытталған) түрінде жіктейді [13].

10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда материалдың дидактикаға сай болуы, оқушылардың жас

ерекшеліктері, когнитивтік үдерістер, коммуникативтік дiттемі ескерiлуге тиiс. Фразеологизмдердiң коннотат мәні ескерiлiп, материалдың эмоциялық әсерi, оқушылардың бiлiм деңгейi, аялық бiлiмi, қабылдау, меңгеруi, психологиялық, физиологиялық ерекшелiктерiне мән берiледi. Осыған байланысты оқыту барысында жаттығулар 1) презентативтi немесе демонстративтi жаттығулар; 2) танымдық жаттығулар; 3) семантикаланған жаттығулар; 4) конструктивтi жаттығулар; 5) реконструктивтi жаттығулар; 6) трансформациялық жаттығулар; 7) iзденiстiк-ассоциативтi жаттығулар болып бөлiнедi [14, 101-102].

10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдердi когнитивтi тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабiлетiн дамытуда бастапқы кезеңде презентативтi (демонстративтi) және танымдық жаттығулар берiледi. Ол жаттығуларда тұрақты тiркестердiң түрi мен мазмұнына мән берiледi. Танымдық жаттығулармен жұмыс жасаған кезде мәтiндегi фразеологиялық бiрлiктер ұлттық таныммен сабақтастырылып, тiлдегi өзге бiрлiктермен салыстырылады [15,79].

Фразеологизмдердi оқытуда Мәтiндерден тұрақты тiркестердi тауып, астын сызыңыз; Фразеологиялық тiркестердi тауып, олардың қай кезде, қандай жағдаятта қолданылатынын анықтаңыз; Фразеологиялық бiрлiктiң мағынасын ашуға көмектесетiн сөздердiң астын сызыңыз; Фразеологизмнiң мағынасын ашатын негiзгi сөздерге назар аударыңыз; Адамды сипаттау үшiн тұрақты тiркестерде жануарлардың қандай ерекшелiктерi негiзге алынғанын түсiндiрiңiз; Сөздiктi пайдаланып, тұрақты тiркестердiң мағынасын нақтылаңыз. «Зат есiм + етiстiк» құрылымымен келетiн тұрақты тiркестердi атаңыз; Тұрақты тiркестердiң қайсысы адамды жағымды жағынан, қайсысы жағымсыз жағынан сипаттайтынын атаңыз; «Фразеологиялық сөздiктен» құрамында дене мүшелерiнiң атаулары бар 5 фразеологизмдi тауып, мағынасын түсiндiрiңiз; Адамдарды сипаттайтын фразеологизмдердi тауып, қай кезде қолданылатынын нақтылаңыз, т.с.с. тапсырмалар беруге болады. Сонымен қатар фразеологиялық тiркестердiң сөйлемдегi қызметiн талдау, синонимдерi мен антонимдерiн таптыруға арналған тапсырмаларды беруге болады. Мысалы, Ит өлген жер; ит арқасы қиянда тiркестерi синоним ретiнде сипатталса, Бетiнен оты шықты немесе Бетi бүлк етпедi тiркестерiнiң антонимдiк мәні көрсетiлуi тиiс [16, 20]. Мұндай жаттығулар оқушылардың лингвистикалық құзыреттiлiгiн, тiлдiк болжамын дамытады.

Фразеологизмдердi когнитивтi тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабiлетiн дамыту үшiн тапсырмалар да танымдық, коммуникативтiк, шығармашылық деңгейге сәйкес болуы керек. Танымдық тапсырмалар фразеологизмдердiң мағынасын, концептiсiн, бейнелiлiгiн ашуға бағытталады. Ол үшiн фразеологизмнiң тура және ауыспалы мағынасын салыстыруға байланысты тапсырмалар беруге болады. Сондай-ақ фразеологизмдердi концептке сәйкестендiру, фразеологизмдердi ұлттық-мәдени кодпен байланыстыруға қатысты тапсырмалар беруге болады.

Коммуникативтiк тапсырмаларда фразеологизмдердi коммуникативтiк жағдаяттарда қолдана бiлуге дағдыландыру мақсат етiледi. Ол үшiн оқушыларға шағын монолог құрғызып, сөзiнде фразеологизмдердi орнымен қолдану, екi оқушыға диалог құрғызып, әңгiме барысында кем дегенде екi не үш фразеологизмдi қолдану, «Фразеологизмдер – шешендiк өнердiң кiлтi» деген тақырыпта ойтолғау не пiкiрталас ұйымдастыру сияқты тапсырмалар беруге болады.

Шығармашылық тапсырмаларда оқушыларды фразеологизмдердi шығармашылықпен қолдана бiлуiне баулу көзделедi. Ол үшiн кемiнде 5 фразеологизмдi қолданып, эссе жазу; шешен сөйлеу үлгiсiн құрастыру, ассоциация әдiсiн пайдалана отырып тұрақты тiркестерге қатысты постер не интеллект-карта жасау, фразеологизмдердi қолдана отырып, публицистикалық мәтiн құрастыру сияқты тапсырмалар беруге болады. Сондай-ақ түрлi коммуникативтiк жағдаяттарда фразеологизмдердi орынды қолдана бiлуге баулу үшiн «Қандай мамандық таңдаймын?», «Өнер-бiлiм бар жұрттар» т.с.с. тақырыптарда фразеологизмдердi молынан пайдалана отырып, ой өрбiтуге қатысты тапсырмалар беруге болады.

Сабақ қызық өтуi үшiн интерактивтi тапсырмалар беруге болады. Бiр оқушы фразеологизмнiң басын айтып, екiншiсi жалғастырып, мағынасын түсiндiретiндей «Фразеологиялық домино» ұйымдастыруға болады. Немесе мұғалiм фразеологизмнiң не мақал-мәтелдiң бас жағын айтып,

оқушылар жалғастырып, түсініктеме айтатындай етіп өткізуге де болады. Сондай-ақ нақты тақырып аясында оқушылар фразеологизмдерді пайдалана отырып, шешен сөйлеуге жаттығатындай рөлдік ойындар ұйымдастыруға болады. Мұндай тапсырмалардың көмегімен оқушылар фразеологизмдердің танымдық мәнін ашып, қызығушылығы артады, коммуникативтік жағдайда қолданып, шешен сөйлеуге жаттығады.

Фразеологизмдердің көмегімен оқушыларды шешен сөйлеуге баулуда фразеологизмдердің тілдік-танымдық ерекшеліктеріне мән беру қажет. Фразеологизмдерде халықтың дүниетанымы көрініс табатындықтан, тұрақты тіркестер мәдени код болғандықтан, олардың астарлы мәні оқушыға түсінікті болуы керек, аялық біліміне сәйкес болуы қажет. Осыған байланысты фразеологизмдерді оқытуда оқушылардың жас ерекшелігі, психологиясы ескерілуі керек. Мәселен, 5-7-сынып оқушыларына жиі қолданылатын, қарапайым фразеологизмдерді (қуанышы қойнына сыймады, төбесі көкке жетті т.с.с.) беруге болады. Орта буын оқушыларына құрамында көнерген сөздері бар, бұл күнде мағынасы ұмыт болған тіркестер ауырлық етеді. Ал 10-11-сынып оқушыларына терең мәнді, бейнелі, құрамында бүгінде қолданыстан шығып қалған көнерген сөздері бар фразеологизмдерді беруге (көңілге қаяу салды, жүргенге жөргем ілінеді, шыр жұқпады т.с.с.) болады. Қазіргі кезде жеке қолданылмайтын сөздерден (қаяу, шыр, жөргем, бүлдіргі т.с.с.) құралған фразеологизмдерді оқытқан кезде мұғалім сөздіктерді пайдалана отырып, ол сөздердің мәнін ашып көрсетуі керек. Фразеологизмдердің бастапқы мағынасы мен ауыспалы мағынасын өзара салыстыру арқылы оқушы фразеологизмдердің тура және ауыспалы мәндерінің арасындағы когнитивтік байланысты табуы керек.

Фразеологизмдерді күнделікті өмірде қолданып, шешен сөйлеуге баулу үшін оқушылар коммуникативтік жағдаятты ескере отырып, фразеологизмдерді қай кезде қолдануға болатынын білуі керек. Сондықтан мұғалім оқушының фразеологизмдерді қай кезде қолдануға болатынын өзі сезінетіндей жағдай тудыруы керек.

Сабақ барысында фразеологизмдердің мән-мағынасын түсіндірумен қатар мәдени-аксиологиялық құндылықтар да ескерілуі керек. Сондықтан фразеологизмдер шешен сөйлеуге баулитын құрал ғана емес, адамгершілікке, көркем мінезді болуға тәрбиелейтін де құрал болуы тиіс. Фразеологизмдердің көмегімен оқушыларды шешен сөйлеуге баулуда жүйелілік (фразеологизмдердің мәнін ашып, түсіндіру → қолдану → шығармашылық сөйлеу → рефлексия); көрнекілік (сурет, бейне, интеллект-карта арқылы тіркестің бейнелілігін ашу); салыстыру (қазақ тіліндегі фразеологизмдерді орыс, ағылшын тілдеріндегі ұқсас фразеологизмдермен салыстыру), практикалық бағыттылық (жаттығулар оқушының сөйлеу мәдениетіне тікелей әсер етуі керек) сияқты әдістемелік қағидалар ескерілуі керек.

Оқушылардың сабақ барысындағы білімін бағалауда оқушының тұрақты тіркестерді жаттап қана қоймай, сөйлеу барысында дұрыс қолдана білуі ескерілуі керек. Сабақ барысында мұғалім мен оқушының арасында кері байланыс та орнауы керек. Кері байланыс үшін «Бұл фразеологизм сенің сөзіңді қалай өзгертті?», «Оны қандай жағдайда қолдануға болады?» т.б. сұрақтарды пайдалануға болады.

Фразеологизмдерді пайдалана отырып, оқушыларды шешен сөйлеуге баулуда тұрақты тіркестердің мәні, астары, мағыналық тереңдігі, мәдени құндылығы, сөйлеу жағдаятындағы орнын ескерілуі керек. Сонда ғана оқушының тіл байлығы артып, шешен сөйлеу қабілеті артады, пәнге деген қызығушылығы күшейеді.

Қорытынды. Лексика бойынша өткен материалды жаттығулармен бекіткен кезде түрлі көрнекіліктерді пайдалана отырып түсіндіру қажет. Тұрақты тіркестердің мәнін түсіндірген кезде оқушыларға бұрыннан белгілі лексикалық, грамматикалық материалды негізге алу керек. Жаттығулар оқушыларды тұрақты тіркестерді орнымен қолдануға дағдыландырумен қатар шығармашылық қабілетін, бейнелі ойлау қабілетін дамытуға ықпал ететіндей болуы керек. Сол арқылы фразеологиялық тіркестердегі ұлттық таным, ұлттық кодты анықтай білуге баулу қажет. Сонда ғана тұрақты тіркестер оқушылардың эмоциясына, сезіміне әсер етіп, жадында сақталып қалады.

Оқушы бірнеше рет естіген фразеологиялық бірлік тілдік санада берік орнығып, сөйлеу барысында жаңғыртылады. Бұл орайда сезім мүшелерінің қызметі ерекше болады. 10-11-сынып оқушыларына фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда сезім мүшелерінің анализаторларын да жетілдіру қажет. Сондықтан тұрақты тіркестерді оқытуда интонация, ым-ишараға да мән беру қажет. Өйткені фразеологизмдер естілген сөздер арқылы ғана емес, эмоция, сезім арқылы да есте сақталады. Соның негізінде оқушылардың фразеологизмдерді еркін қолдануына, тілдік дағдыларының берік қалыптасуына ықпал етуге болады.

Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгертуде түсініп оқу қағидасын басшылыққа ала отырып, фразеологияны кешенді түрде талдап, классификациялау қажет. Сол арқылы оқушыларға тұрақты тіркестерге қатысты жан-жақты ақпарат беріп, фразеологиялық бірліктерді меңгеру деңгейін көтеруге болады. Фразеологизмдерді когнитивті тұрғыдан меңгерту арқылы шешен сөйлеу қабілетін дамытуда сөйлеушінің эмоционалды-бағалауыштық қатынасы, адресаттың сөйлеуді қабылдау ерекшелігі де ескерілуі керек. Тұрақты тіркестерді когнитивті тұрғыдан сипаттап, мәнін түсіндіру арқылы оқушылардың тұлға ретінде қалыптасуына, ана тілінің байлығын, бейнелі қолданысын, халықтың ғасырлардан ғасырларға жеткен ой өрісін, ойлау ерекшелігін түсінуіне жол ашады. Тұрақты тіркестерді семантикалық тұрғыдан талдап, мәнін түсіну арқылы білім алушы сөздің астарын түсінеді, халық қазынасының маңызын, киесін ұғынады, пәнге деген қызығушылығы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жуков А.В. *Очерки по фразеологической семантике. Монография.* - М.: Русайнс, 2025. - 279 с.
2. Теля В.Н. *Русская фразеология: семантический, прагматический и лингвокультурологический аспекты.* - М.: Школа «Языки русской культуры», 1996. - 288 с.
3. Карасик В.И. *Языковая лестница познания. Монография.* - М., 2022. - 462 с.
4. Слышкин Г.Г. *От текста к символу: лингвокультурные концепты прецедентных текстов в сознании и дискурсе.* - М.: Academia, 2000. - 128 с.
5. Дәулетбекова Ж., Рай Қ., Нұрышева Г., Рахметова Р. *Тілді оқыту: интеграциялық білім мен интеллектуалдық тұлға қалыптастырудың сабақтастығы.* - Алматы: Нұрай Принт Сервис, 2014. - 243 б.
6. Сыздықова Р. *Сөзді орнымен қолдана білсек // Сөз өнері.* - Алматы: Ғылым, 1978. - 184 б.
7. Жұмабаева А.Е., Базарбекова Р.Ж., Жұмабаева Ж.А. *Мобильді оқыту технологиясы болашақ педагогтерді ұлттық құндылықтарға баулудың құралы ретінде // Абай атындағы ҚазҰПУ хабаршысы.* - «Педагогика ғылымдары» сериясы, №3(79), 2023. - 91-108 бб. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.009>
8. Бабкин А.М. *Русская фразеология, ее развитие и источники.* - Л.: Наука, 1970. - 263 с.
9. Арбекова Т.М. *Лексикология английского языка.* - М.: Высшая школа, 1977. - 240 с.
10. Кеңесбаев І. *Фразеологиялық сөздік.* - Алматы: Арыс, 2007. - 800 б.
11. Смағұлова Г. *Қазақ фразеологиялық сөздігі.* - Алматы: Қазақ университеті, 2020. - 398 б.
12. Арсентьева Е.Ф. *Сопоставительный анализ фразеологических единиц.* - Казань, 1989. - 123 с.
13. Пассов Е.И. *Коммуникативное иноязычное образование. Концепция развития личности в диалоге культур.* - Липецк, 1998. - 80 с.
14. Сонина Н.Н. *Когнитивно-коммуникативная методика обучения фразеологии английского языка школьников 8-9-классов гимназии: дисс. ... канд. пед. наук: 13.00.02.* - Нижний Новгород, 2012. - 174 с.
15. Akhmetzhanova Z., Yernazarova Z. *Kazakh Linguoculture: Language, Person, Ethnos. Monograph.* - Almaty: Eltanym. - 2016. - 288 p.
16. Ivanov I.I., Petrov P.P. *Development of Communicative Competence in High School Students. Bulletin of Pedagogical Sciences.* - Moscow. - 2022. - pp. 45-58.

Reference:

1. Jykov A.V. *Ocherki po frazeologicheskoi semantike. Monografiya.* - M.: Rysains, 2025. - 279 s.
2. Telya V.N. *Rysshkaia frazeologia: semanticheski, pragmaticheski i lingvokyltyrologicheski aspekty.* - M.: Shkola «Iazyki rysshkoi kul'tury», 1996. - 288 s.
3. Karasik V.I. *Iazykovaia lestnisa poznania. Monografiya.* - M., 2022. - 462 s.
4. Slyshkin G.G. *Ot teksta k simvol'y: lingvokyltyrnye konsepty presedentnyh tekstov v soznani i diskyrse.* - M.: Academia, 2000. - 128 s.
5. Dajylebekova J., Rai Q., Nurysheva G., Pahmetova R. *Tildi oqyt'y: integratsialyq bilim men intellektyaldyq tulga qalyptastyrydyñ sabaqtastygy.* - Almaty: Nuryai Print Servis, 2014. - 243 b.
6. Syzdyqova R. *Sozdi ornymen qoldana bilsek // Sóz óneri.* - Almaty: Gylym, 1978. - 184 b.

7. Jymabaeva A.E., Bazarbekova R.J., Jumabaeva J.A. *Mobilni oqytı tehnologiasy bolashaq pedagogterdi ulttyq qundylyqtarǵa baılydyń quraly retinde // Abai atyndaǵy QazUPY-ń HABARSHYSY «Pedagogika ǵylymdary» seriesy, №3(79), 2023. -91-108 bb. <https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.79.3.009>*
8. Babkin A.M. *Rýsskaia frazeologia, ee razvitie i istochniki. – L: Naýka, 1970. - 263 s.*
9. Arbekova T.M. *Leksikologiya angluskogo iazyka. - M.: Vysshaya shkola, 1977. - 240 s.*
10. Keńesbaev I. *Frazeologialyq sózdik. - Almaty: Arys, 2007. - 800 b.*
11. Smaǵulova G. *Qazaq frazeologialyq sózdigi. – Almaty: Qazaq ýniversiteti, 2020. – 398 b.*
12. Arsenteva E.F. *Sopostavitelny analiz frazeologicheskikh edimis. - Kazan, 1989. - 123 s.*
13. Passov E.I. *Kommýnikativnoe inoiazychnoe obrazovanie. Konsepsia razvitiya lichnosti v dialoge kúltúr. - Lipesk, 1998. - 80 s.*
14. Sonina N.N. *Kognitivno-kommýnikativnaya metodika obychniya frazeologu angluskogo iazyka shkolnikov 8-9-klassov gimnazii: diss. ... kand. ped. naýk: 13.00.02. - Nijni Novgorod., 2012. - 174 s.*
15. Akhmetzhanova Z., Yernazarova Z. *Kazakh Linguoculture: Language, Person, Ethnos. Monograph. – Almaty: Eltanym. – 2016. – 288 p.*
16. Ivanov I.I., Petrov P.P. *Development of Communicative Competence in High School Students. Bulletin of Pedagogical Sciences. – Moscow. – 2022. – pp. 45–58.*

FTAXP 14.35.07

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2025.88.4.031>

Г.Ш.Сақытжан^{1*} 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

МЕКТЕПТЕ САРАЛАП ОҚЫТУДЫҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ПРИНЦИПТЕРІ

Аңдатпа

Мақалада жалпы білім беретін мектептердің бағдарлы сыныптарында жаратылыстану пәндерінің мазмұнын құрудың ғылыми-дидактикалық негіздері қарастырылады. Білім беру стандартының қағидалары, пәнаралық байланыстар, сабақтастық пен үздіксіздік талаптары негізінде оқу материалының іріктелу жолдары талданған. Жаратылыстану пәндерінің мазмұнын құрудағы радиалды, сатылы және концентрлі тәсілдердің ерекшеліктері салыстырылып, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері көрсетіледі. Генерализациялау және циклділік принциптерінің оқу мазмұнын теориялар айналасына топтастырудағы тиімділігі анықталды. Сонымен қатар генерализациялау және циклділік принциптері пән мазмұнын теориялар айналасына топтастыру арқылы жүзеге асырылатыны көрсетіледі. Мақалада бағдарлы саралап оқыту жағдайында білім мазмұнын таңдауда іргелілік, ғылымилық, қолданбалылық, кәсіби бағытталғандық, ізгілендіру және ақпараттық-технологиялық принциптердің мәні ерекше атап өтіледі. Зерттеу нәтижелері жаратылыстану пәндерін бағдарлы сыныптарда оқытуда білім алушылардың ғылыми дүниетанымын, теориялық ойлауын және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға бағытталған ұсыныстарды қамтиды.

Түйін сөздер: жаратылыстану пәндері, саралап оқыту, бағдарлы оқыту, білім мазмұны, дидактикалық негіздер.

Сақытжан Г.Ш.^{1*} 

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
г.Алматы, Казахстан

ДИДАКТИЧЕСКИЕ ПРИНЦИПЫ ДИФФЕРЕНЦИРОВАННОГО ОБУЧЕНИЯ В ШКОЛЕ

Аннотация

В статье рассматриваются научно-дидактические основы построения содержания естественно-научных дисциплин в профильных классах общеобразовательных школ. На основе принципов образовательного стандарта, межпредметных связей, преемственности и непрерывности проанализированы пути отбора учебного материала. Сравниваются особенности радиального, ступенчатого и концентрического подходов в конструировании содержания естественно-научных предметов, показаны их преимущества и недостатки. Доказано эффективность принципов генерализации и цикличности при группировке учебного содержания вокруг теорий. Также показано, что принципы генерализации и цикличности реализуются через структурирование содержания предмета вокруг фундаментальных теорий. В статье особо подчеркивается значение принципов фундаментальности, научности, прикладной направленности, профессиональной ориентации, гуманизации и информационно-технологической